Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы
№ 23 КЕЛІСІМ ШАРТ

Сарыағаш қаласы *" 30 " шілде 2012 жыл*

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын «Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі атынан іс-қимыл жасайтын Сарыағаш ауданы әкімі аппаратының жетекшісі Ж.Альсеитов бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын «СБМ и Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директоры Сыдыкова Бекзада Малдыбековна екінші тараптан Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы (бұдан әрі - Заң) және 2012 жылғы "27" шілдеде өткен «Апатты жағдайдағы су жүйелерін және дренаждарын механикалық тазалаудан өткізу жұмыстарын» сатып алу жөніндегі бір көзден алу тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы №5 хаттамаға сәйкес, осы мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасастық және мына төмендегі келісімге келдік.

Келісім-шарттың мәні мен бағасы

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы – «Сарыағаш ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Тапсырыс беруші» үшін мемлекеттік сатып алуды «Апатты жағдайдағы су жүйелерін және дренаждарын механикалық тазалаудан өткізу жұмыстары» жариялады және Мердігердің:

- **№1 лот «Абылай-Айбат» каналдарын ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) – 3 300 099 теңге;**
- **№2 лот «Қатаған» каналын ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) – 2 028 752 теңге;**
- **№3 лот «Ескі Қорған» каналын ағымдағы жөндеу – 15 000 733 теңге;**
- **№4 лот «Оймауыт» каналын (құрылғыларын) ағымдағы жөндеу – 3 401 475 теңге;**
- **№5 лот «Жаңа дауір» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) – 800 377 теңге;**
- **№6 лот «Қызыл әскер» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) – 4 444 303 теңге;** 2-ші
- **№7 лот «Қияжол» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) – 834 575 теңге;**
- **№8 лот «Школа» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) – 2 684 249 теңге;**
- **№9 лот «Оймаут» каналының апатты су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) – 2 552 565 теңге;**
- **№17 лот «Ащыкөл» каналын ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) – 3 064 270 теңге;**

Барлығы 38 111 398 теңге (бұдан әрі - Шарттың бағасы) мөлшерінде осы жұмыстарды орындауға конкурстық өтінімін қабылдады.

2012 жылға Келісім-шарттың жалпы сомасы **38 111 398** теңгені құрайды және ҚМЖ, ҚҚС, сметада қаралған материалдарды, жабдықтарды сатып алу, конкурстық құжаттамадағы жобалық сметалық құжат дайындау құны (1 323 076 теңге), авторлық қызметінің құны (72 946 теңге), инженер қызметінің құны (112 610 теңге) және өзге де шығындар кіреді.

Жұмыстар жұмыс жобасы және смета бойынша орындалады («Абылай-Айбат» каналдарын ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау), «Қатаған» каналын ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау), «Ескі Қорған» каналын ағымдағы жөндеу, «Оймауыт» каналын (құрылғыларын) ағымдағы жөндеу, «Жаңа дауір» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау), «Қызыл әскер» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау), «Қияжол» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау), «Оймаут» каналының апатты су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) және «Школа» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) жұмыстары Сарыағаш ауданы Ақтөбе ауылдық округі аумағында, «Ащыкөл» каналын ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) Сарыағаш ауданы Жамбыл ауылдық округі Ащыкөл елді мекені аумағында орындалады.

Жұмыс жобасы мен сметалық құжаттарды әзірлеуші – ЖК «У.К.Мендибаев», ОҚО Шымкент қаласы №8 мөлтек аудан №1 үй №36 пәтер.

Төлем тәртібі мен мерзімі

2. «Тапсырыс беруші» «Өнім берушіге» орындалған жұмыс көлеміне (Ф-2 нысан бойынша) осы шартта көрсетілген соманы төлеуге міндетті.

3. Келісім шарт бойынша төлем, **122 Аудан әкімінің аппараты 006 аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою 000 кіші бағдарламасы бойынша 149 (өзге де қызметтер мен жұмыстар) бюджеттік бағдарламаға сәйкес** «Тапсырыс берушінің» есеп-шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты және орындалған жұмыс актілерінің инжинерингілік қызмет көрсетуші «Инженердің» қол қойып, рәсімделген құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Ай сайынғы орындалған жұмыстардың актілерін қабылдау-өткізу 2012 жылдың әр айдың 20-шы (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

4. «Өнім беруші» келісім шартқа қол қойып және күнтізбелік жоспарын ұсынғаннан кейін, «Тапсырыс беруші» «Өнім берушіге» аванстың өтеу кестесіне сәйкес кейінгі ұстаумен келісім шарттың жалпы құнынан **15 пайыз** көлеміндегі сомадан аспайтын авансты «Тапсырыс берушінің» есеп-шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты төлейді. «Өнім беруші» төленген авансты осы шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін талап етілетін материалдарға, жабдықтар мен еңбекақы төлеуге және жұмыс алаңын дайындауға ғана пайдалануы тиіс. Келісім шарт бойынша қалған **80 пайыз** көлеміндегі сомманы «Өнім берушінің» жұмыстарды орындауына және қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджеттік қаражаттардың түсуіне байланысты 2012 жылдың 31 желтоксанына дейін жүргізіледі.

5. «Тапсырыс беруші» авансты алған күннен бастап 10 күн ішінде «Өнім берушіден» авансты мақсатты пайдаланғанын растайтын құжаттарды тапсыруын талап етуге құқылы.

6. Өтпелі нысандар бойынша Мердігерге түпкілікті төлем ақы жобалық-сметалық құжаттама негізінде орындалған жұмыс актілерінің инжинерингілік қызмет көрсетуші «Инженердің» кол қойып, рәсімделген құжаттарына сәйкес жүргізіледі.
7. Пайдалануға тапсырылатын нысандар бойынша «Өнім берушіге» түпкілікті төлем ақы «Өнім берушінің» атқарылған жұмыс көлемінің кесімді сомасынан «Тапсырыс беруші» орындалған жұмыс құнының **5 пайызын** ұстап қалып, «Өнім берушіге» барлық жұмыстарды өндірістік кестесіне сәйкес орындап болғаннан кейін және кемшіліктер мен шала істелген жұмыс тізімдерін жойғаннан кейін, сондай-ақ нысанның пайдалануға енгізу туралы қабылдау комиссиясының қолы қойылған актісін ұсынғаннан кейін төленеді.
8. «Тапсырыс беруші» «Өнім берушіге» түпкілікті ақы төлеуді, «Өнім беруші» осы шарт бойынша міндеттемелерді және ақауларды түзету жөніндегі өзінің барлық міндеттемелерін толық орындаған жағдайда жүргізеді.
9. Төменде аталған құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;
2) жобалық сметалық құжаттама;
3) сақтандыру полистері (сақтандыру келісімшарты) және сертификаттар;
4) жұмыстардың өндірістік кестесі;
5) авансты өтеу кестесі;

Міндеттемелерді орындау мерзімдері

10. Келісім шарт түзілген күннен бастап 10 жұмыс күн мерзім ішінде «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» келісім шарттың жалпы құнынан 15 пайыз көлемінде келісім шарт орындалуының кепілін тапсыруға міндетті.

«Тапсырыс беруші» мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді мемлекеттік сатып алу туралы онымен жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісінше орындауға кепілдік ретінде енгізеді.

«Өнім беруші» мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

а) «тапсырыс берушінің» банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдік ақшалай жарнаны;

б) банктік кепілдікті таңдауға құқылы.

11. «Өнім беруші» келісім шартты түзген күннен 10 жұмыс күн мерзім ішінде жұмыстар басталған күннен толық аяқталғанға дейінгі кезеңге «Тапсырыс берушінің» атына шарттың жалпы сомасының 15 пайыз көлеміндегі авансын сақтандырумен жабуды, ақаулар мен кемшіліктерді жою кезеңін қоса алғанда, шарт бойынша алынған аванс толық жұмыспен өтелгенше, қамтамасыз етеді. Сақтандыру объектісі болып келісім шарттың 4-тармағында көрсетілгендей жұмыстарды толық немесе ішінара орындамағаны үшін аванс сомаларын қайтару міндеті болып табылады. Сақтандыру сомасы шарттың жалпы сомасынан 15 пайызы.

Шарттың аталған тармағын орындау үшін сақтандыру компаниясы, «Өнім беруші» мен «Тапсырыс беруші» арасында үшжақты келісімшарт түзіледі. «Тапсырыс беруші» сақтандыру келісімшартын түзуге дейін сақтандыру компаниясымен тапсырылған сақтандыру келісім шартының жобасын алдын-ала мақұлдауы тиіс. «Өнім беруші» күшіне енген Сақтандыру полистері (сақтандыру келісім шарты) және сертификаттарды авансты аудару күніне дейін және жұмыстардың басталатын күніне дейін ұсынуы тиіс.
12. Егер «Өнім беруші» талап етілетін сертификаттарды және сақтандыру полистерін (сақтандыру келісім шарты) ұсынбаса, «Тапсырыс беруші» «Өнім берушінің» қамтамасыз етуі тиіс сақтандыруды жүргізуі және осы шығыстарды шарттың құнынан ұстауы мүмкін.
13. «Өнім беруші» «Тапсырыс берушінің» жазбаша келісімінсіз және сақтандыру келісімшартына қосымша келісім түзілмейінше, сақтандыру шарттарына ешқандай өзгеріс енгізе алмайды.
14. Екі тарап та сақтандыру полистерінің барлық шарттарын сақтауға тиіс.
15. Келісім шартқа қол қойғаннан кейін «Өнім беруші» 10 күн мерзім ішінде «Тапсырыс берушіге» жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімі көрсетілген өндіріс кестесін бекітуге ұсынады.
16. «Өнім беруші» атқарылатын жұмыстар алты айдан асқан нысандар бойынша «Тапсырыс берушіге» және Сарыағаш ауданының экономика және қаржы бөліміне жұмыстардың өндірістік жоспарын ұсынуға міндетті.
17. Егер форс-мажорлық жағдайлар орын алса немесе ол ұсынған ауытқулар жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдер талап етсе, сондай-ақ егер, жұмыстарды орындау үдерісінде қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар анықталған жағдайларда, «Тапсырыс беруші» жұмыстарды орындау мерзімін ұзартады. Бұл ретте «Өнім беруші» азаматтық заңнамада көрсетілген рәсімге сәйкес «Тапсырыс берушіні» жазбаша хабардар етуі тиіс.
18. Жұмыстың басталу күні болып Келісім шарттың күшіне енген күні есептеледі.
19. «Өнім беруші» осы келісім шарт бойынша жұмыстардың барлық түрлерін 2012 жылдың «30» қазанына дейін аяқтауға, ал пайдаланымға тапсырылатын нысандар бойынша, нысанды пайдалануға енгізу туралы қабылдау комиссиясының қолы қойылған актісін ұсыну мерзімін қоса алғанда 2012 жылдың «30» казанына дейін аяктауға міндеттеме алады.

Тараптардың құқығы мен міндеттері

20. «Тапсырыс беруші» жұмыстардың күнтізбелік жоспарымен белгіленген көлемде және мерзімде «Өнім берушіге» жұмыс алаңдарын беруге міндетті.

21. «Тапсырыс беруші» жұмыстың кез келген кезеңінде жұмыстың сапасына сынақ жүргізуге құқылы. Ақаулар айқындалса, «Өнім беруші» өз есебінен оларды түзейді.
22. «Тапсырыс беруші» кез-келген айқындалған ақаулар жөнінде, оны түзету мерзімін көрсетумен «Өнім берушіге» жазбаша хабар береді.
23. «Тапсырыс беруші» «Өнім берушінің» жұмыстарынан табылған қандай-да бір залал немесе қандай-да бір келтірілген зақымға жауапкершілік алмайды және «Өнім беруші» қандай-да бір зақымды, залалды және т.б. кемшіліктерді түзетуді қосымша өтеу ақысыз жүзеге асырады.
24. «Өнім беруші» ақаулар жөнінде ескертпені алып, «Тапсырыс берушінің» белгілеген уақыты ішінде жоюға міндетті.
25. «Өнім беруші» құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге рұқсат құжаттарын алуға міндетті.
26. «Өнім беруші» қолданылатын барлық материалдар мен құрал-жабдықтарды «Тапсырыс берушімен» міндетті түрде келісілуі тиіс.
27. «Өнім беруші» келісім шартты орындау кезінде, «Тапсырыс берушінің» мүлкіне келтірілген залалға немесе шығындарға және жұмысшылардың денсаулығы мен меншігіне келтірілген қауіпке, сондай-ақ жұмысшылардың өліміне жауапкершілік алады.
28. «Өнім беруші» нысандағы жұмыстардың өндірісінің техникалық қауіпсіздігіне толық жауапкершілігін алады.
29. «Өнім беруші» білімін және барлық мүмкіншілігін пайдаланып, жұмысты бақылауға алып, бағыттап отыруы тиіс. «Өнім беруші» келісім шарт бойынша қаржыларға, әдістеріне, техникасына, жұмыстардың орындалу дәйектілігіні мен сапасына, сондай-ақ барлық жұмыстарды үйлестіруге және бақылау жасауға жауапты.
30. «Өнім беруші» орындалған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. «Өнім беруші» өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ «Тапсырыс берушіге» тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. «Өнім беруші» жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар «Тапсырыс берушінің» тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.
31. «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» шарт бойынша жеткізілген материалдар мен жабдықтардың сапасы жақсы болуына және техникалық ерекшеліктер мен жобалау сметалық құжаттарға сәйкес болуына және кемшіліксіз орындалуына кепілдік береді. Бұл талаптарға сәйкес келмейтін, сонымен бірге негізсіз, заңсыз өзгерістер болса аталған жұмыс ақау деп танылады. «Тапсырыс берушінің» талабы бойынша «Өнім беруші» материалдар мен жабдықтардың сапасын лабораториямен куәландыратын құжаттарды ұсынуы тиіс.
32. «Өнім беруші» Нысанға апарылуға тиіс барлық әкелінген материалдар мен жабдықтардың тасымалдауын, жеткізіп беруін, түсірілуін (жүк) және сақталуын ұйымдастыруға жауапты. «Тапсырыс беруші» жеткізіп беру, өңдеу, сақтау және тасымалдау қаражаттарының, құралдарының тұрып қалуын төлеуге қатысты шығындарға қандай-да бір жағдайда өзіне жауапкершілік алмайды, ешқандай жеткізіп беру «Тапсырыс берушіге» жолданбауы тиіс.
33. «Өнім беруші» учаскедегі аумағын таза ұстауы қажет. «Өнім беруші» учаскедегі барлық қоқысты тазартып, жедел түрде тәртіпке келтіріп отыруы тиіс.
34. «Өнім беруші» қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің (мердігерлік бағасының) 2/3 бөлігінен аспайтын шарт жасаса алады, және «Тапсырыс берушінің» жазбаша рұқсатынсыз шартты үшінші тұлғаға бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы «Тапсырыс беруші» мен «Өнім беруші» арасындағы шарттың талаптарын өзгертпейді. «Өнім беруші» шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерлік ұйымдарды тартқан жағдайда «Өнім беруші» қосалқы мердігерлік тиісті келісімшартты түзуге дейін мердігерлік ұйымды тартуға «Тапсырыс берушіден» рұқсат алуы тиіс. «Өнім беруші» осындай рұқсатты алғаннан кейін «Тапсырыс берушіге» қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігерлік ұйымның лицензиясының көшірмесін нотариалды растаған қосымшасымен жұмыстарды өткізуге жоспарланған тізімі мен көлемдерін көрсете отырып, ресми сұрауларды жолдайды. «Тапсырыс беруші» қосалқы мердігерден жұмыстарды қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігердің біліктілік талаптарға сәйкестігін растау мақсатында қосалқы мердігерлік ұйымның өзге де құжаттарын сұратуға құқылы.
35. Учаскеде Қосалқы мердігерлер бар болса «Өнім беруші» өзінің жұмыстарын олармен үйлестіріп отыруы тиіс.
36. «Өнім беруші» келісім шарт негізінде «Тапсырыс берушінің» алдында өзінің жұмысшыларының, қосалқы мердігерлерінің, қосалқы мердігерлерінің жұмысшылары мен сенімді адамдарының, сондай-ақ, келісім шарттың аясында жұмыс бөлігін атқарып жүрген басқа да адамдардың әрекеттері мен жіберген қателіктеріне жауапкершілігін алады.
37. «Өнім беруші» негізгі қызметтерге білікті қызметкерлерді жалдайды. Бұл адамдарды басқасына ауыстырған кезде «Өнім беруші» мұндай ауыстыруға «Тапсырыс берушінің» келісімін алуы тиіс. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі ауыстырылатын қызметкерлердің біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуы тиіс.
38. Егер «Тапсырыс беруші» «Өнім берушіден» «Өнім берушінің» немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды, себептерін көрсете отырып, Объектіде жұмыстарды орындаудан алыстатуды сұрайтын болса, «Өнім беруші» мұндай адамды 72 сағат ішінде объектіден кетіруге міндетті, одан кейін бұл адамның осы шарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысқа ие болмауы тиіс.
39. «Өнім беруші» жұмыстарды бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес, келісім шарт бойынша мерзімінде орындауға міндетті. «Өнім беруші» нысандағы кәсіби жұмысшылар мен көлік механизмдерінің, жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес болуына жауапкершілікте болады.

40. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының қызметкерлеріне салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендерге кедергісіз бару және оларда жүргізіліп жатқан құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасына жедел инспекциялық тексеруді «Өнім беруші» қамтамасыз етуді міндеттенеді.
41. «Өнім беруші» келісім-шартта көрсетілген жұмыстардың барлығы аяқталғаннан кейін, «Тапсырыс берушіге» жұмыстардың аяқталғаны жөнінде ескертпе-хабарлама береді, «Тапсырыс беруші» инжинерингілік қызмет көрсетуші «Инженерді» қатыстыра отырып, келісім шартқа сәйкес жеті күннен кем емес мерзімде жұмыстарды аяқтаудың бағалауы жөнінде комиссия (қабылдау комиссиясы) тағайындайды.
42. Жұмысшы қабылдау комиссиясы шала істелінген жұмыстардың тізімін құрады және оларды жою мерзімін белгілейді. Шала істелінген жұмыстардың жойылған күні келісім шарттың біткен күні болып табылады. Барлық шикіліктерді жою фактісі нысандарды пайдалануға берудің ақырғы қабылдау Актісімен анықталады.
43. Нысанның қалыпты жұмысының және оған кіретін жабдықтардың, сметалық құжаттама, инженерлік жүйесі, материалдары мен жұмыстарының кепілдік мерзімі нысан құрылысының аяқталуы туралы актісіне қол қойылған кезден бастап «Өнім беруші» конкурстық өтінімде көрсеткен мерзімі ұзақтығымен белгіленеді, қасақана оған басқа үшінші жақтан зиянкестік келтірілмегенін қоспағанда.
44. Егер кепілді пайдалану мерзімі кезеңінде нысанды қалыпты пайдалануға мұрша келтірмейтін кемшіліктер айқындалса, онда кепілдік мерзімі кемістіктерді жою кезеңіне созылады және «Өнім берушінің» өз есебінен жүзеге асырылады. «Өнім беруші» ақаулар туралы хабарламаны алып, ақауды «Тапсырыс беруші» немесе «Инженер» көрсеткен уақыт кезеңі ішінде жоюға міндетті.
45. Егер «Өнім беруші» келісім-шарт талаптарын бұзып, түзету арқылы өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ, «Өнім беруші» сметалық құжаттарына сәйкес жұмыстарды аяқтауға қабілетсіз болса, «Тапсырыс беруші» орындалмаған міндеттемелердің себептерін жоюға дейін жұмыстарды толық немесе бөлігін тоқтату жөнінде жазбаша алдын-ала өкім бере алады.
46. Егер «Өнім беруші» жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе (оны сметалық құжаттамаға сәйкестендіру) және тапсырыс берушіден бұл туралы жазбаша ескерту алғаннан кейін 7 (жеті) күн ішінде жазбаша немесе әрекеттерімен жауап бермесе тапсырыс беруші көрсетілген жеті күн мерзім өткеннен кейін өзінің талабын қайталауға құқылы. Егер «Өнім беруші» келесі жеті күн мерзімі ішінде көрсетілген ақауларды түзетуге жағдайы болмаса, «Тапсырыс беруші» өзінің басқадай әсер ету әдістерін қолдану құқығынан бас тартпастан, осы жұмысты өз күшімен орындай алады. Мұндай жағдайларда «Өнім берушіге» төленуі тиіс болған сомадан «Тапсырыс берушінің» қосымша қызметтер үшін мәжбүрлі шығындары өтемін қоса алғанда, көрсетілген ақауларды түзету құны шегерілетін өзгерістер туралы тиісті бұйрық шығарылады. Егер «Өнім беруші» төлеуге тиісті сома көрсетілген шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» айырманы өз қаражатынан төлеуге міндетті.
47. Жұмыстарды толығымен орындамаса немесе ішінара орындаса, «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» аванстың жалпы сомасы мен жүргізілген жұмыстардың құнының арасындағы айырмасы бойынша «Тапсырыс берушінің» талап етілген күнінен 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өтелмеген аванс төлемдерін (егер ол бөлінсе) қайтаруы тиіс.

Айып санкцияларын қолдану шарттары

48. Егер «Өнім беруші» келісім шартта көрсетілген жұмыстарды өндіріс кестесіндегі мерзімнен 10 күннен аса кешіктірсе орындалмаған жұмыстардың көлемінің әр бір мерзімінен өткізген күніне «Тапсырыс берушіге» шарт бағасынан 1 пайыз тұрақсыздығы (неустойка) түріндегі соманы төлейді.
49. Жұмыстардың сапасын бұзылғаны үшін жобалық сметалық құжаттамадан ауытқуын, Қазақстан Республикасында әрекет ететін техникалық нормалар мен ережелерді қоса алғанда, бірақ онымен шектеліп қоймай жұмыста техникалық нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін материалдар мен жабықтарды қолданғанда, қолданыста пайдалануда болған материалдар мен жабдықтарды пайдаланғанда – «Өнім беруші» сапасыз орындалған жұмыстардың құнынан әр бір мерзімі өткен күннен 0,2 пайыз сомасында «Тапсырыс берушіге» тұрақсыздық айыбын төлейді.
50. Осы тармақта көрсетілген тұрақсыздық «Өнім берушінің» сапасыз орындалған жұмыстарды жойған күннен (қайта жасау) есептеп шығарылады. Жою фактісі «Өнім берушінің», «Тапсырыс берушінің» және «Инженердің» қолы қойылған сапасыз орындалған жұмыстарды жойған актісімен расталуы тиіс.
51. Шарттың кепілді мерзімі ішінде Объектінің кемшіліктері мен ақауларын жою бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» 5 пайыз көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді.
52. «Өнім беруші» кепілді кезең ішінде жұмыстардың өндірістік сапасы мен мерзімдеріне қатысты міндеттемелерден басқа Шарт бойынша міндеттемелерді бұзса, «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» әр бұзушылыққа Шарттың құнынан 0,1 пайыз көлемде тұрақсыздық төлейді.
53. Шартта қаралған тұрақсыздық пен айып санкциялары «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіден» тұрақсыздық пен айып санкцияларын төлеу туралы талаптарын алған күннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленуге жатады. «Өнім беруші» осы жүргізілген төлемдерді растайтын төлем құжаттарын осы тармақта белгіленген мерзімде «Тапсырыс берушіге» ұсынуы тиіс.
54. «Өнім беруші» көрсетілген мерзімде тұрақсыздық айып санкцияларын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, «Тапсырыс беруші» шарттың құнынан есептелінген тұрақсыздық пен айып санкцияларын шегеруге және тұрақсыздық пен айып санкцияларын алып тастап, «Өнім берушіге» кезекті төлем жүргізуге құқылы.
55. «Өнім беруші» шартты орындаудан бас тартса немесе «Өнім берушінің» кінәсінен келісім шарт бұзылса, «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» шарттың бағасынан 10 пайыз көлемде тұрақсыздық (айып) төлейді.

56. Жұмыстарды толығымен орындамаса немесе ішінара орындаса «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» аванстың жалпы сомасы мен жүргізілген жұмыстардың құнының арасындағы айырмасы бойынша «Тапсырыс берушінің» талап етілген күнінен 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өтелмеген аванс төлемдерін (егер ол бөлінсе) қайтаруы тиіс.

Игерілмейтін күштің әрекеттері

57. Тараптар осы шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін толық, жарым-жарты орындау жауапкершілігінен босатылады, егер де жұмыстың орындалуы игерілмейтін күштің салдарынан мүмкіншілігі болмаса, яғни аталған жағдайды қалпына келтіре алмайтын төтенше жағдайлар: апатты құбылысатр, өрт, әскери қимылдар, шарттың міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын нормативтік актілерді қабылдау, заңдылықтардағы өзгерістер орын алғанда.
58. Форс-мажорлы жағдайлардың, сондай-ақ олардың шамамен болу мерзімі жөнінде, осындай жағдай болған тараптар аталған жағдай болу кезден бастап банкілік 5 (бес) күннен кеш емес уақытты жазбаша түрде ескертеді.

Келісім-шартты өзгерту мен толықтыру тәртібі

59. Келісім шарт кез-келген өзгерістер мен толықтырулар енгізу күшіне енеді, егер де олар жазбаша түрде рәсімделіп және екі жақтың қолы қойылған болса. Осы келісім шартта өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген жағдайларда тараптардың қосымша келісім түзу арқылы жүзеге асырылады.
60. Нысандардың құрылыстарын алдыңғы уақыттарға қаржыландыру үшін, тиісті бюджетте қаражаттың болмау жағдайы орын алса, келісім шарт кейінгі жылдарға түзілмейді және «Тапсырыс беруші» мен «Өнім берушінің» бір-біріне ешқандай даусыз міндеттемелері, сонымен қатар қаржы жағы тоқтатылады.
61. Келісім-шартта Қазақстан Республикасының заңдылықтарына қайшы келмейтін басқа да айып санкциялары немесе басқа шарттар «Тапсырыс беруші» мен «Өнім берушінің» келісімімен қаралуы мүмкін.
62. **«Тапсырыс беруші» мынадай жағдайларда келісім шартты біржақты бұзуға құқылы:**
1) «Өнім берушінің» кінәсінен екі реттен аса жұмыстардың өндірістік кестесін бұзса (он күннен жоғары);
2) «Өнім берушінің» кінәсінен екі реттен аса жобада қаралған жұмыстардың сапасын төмендетсе;
3) «Өнім беруші» «Тапсырыс берушінің» рұқсатынсыз 10 күннен аса мерзімге жұмысты тоқтатса;
4) «Өнім беруші» ақаулар туралы хабарламаны алып, ақауды «Тапсырыс беруші» немесе «Инженер» көрсеткен уақыт кезеңі ішінде жоймаса;
5). «Өнім беруші» оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;
6) «Өнім беруші» жобалау құжаттамасында және шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу ережелерін, нұсқаулықтарын және ережелерін ескермейтін болса;
7) «Өнім беруші» қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің екіден үш бөлігінен асатын шарт жасаса;
8) «Өнім беруші» қосалқы мердігерлік ұйымды жұмыстарды орындауға «Тапсырыс берушіден» жазбаша рұқсатынсыз жіберсе;
9) «Тапсырыс беруші» жұмыстардың кейінгі қаржылындыру мүмкіншілігін тоқтатса;
10) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 6 бабында көрсетілген мемлекеттік сатып алуға катысуға байланысты шектеулер анықталса;
11) Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге лицензия әрекетінің қайтарылуы немесе тоқтатылған жағдайда.
63. Шарт бұзылса «Өнім беруші» дереу жұмысты тоқтатып, Объектіні консервациялауды және белгіленген тәртіппен оны «Тапсырыс берушіге» тапсыруды қамтамасыз етеді.
64. Егер, Шарт «Өнім берушінің» Шартты бұзуы себебінен бұзылса, «Тапсырыс беруші» «Тапсырыс берушінің» жаңа «Өнім берушіні» таңдауына аванстар мен шығындарды шегере отырып, «Өнім берушіге» іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін қалған соманы төлейді. Егер «Тапсырыс берушінің» Шартты бұзуға байланысты шығындарының жалпы сомасы «Өнім берушіге» тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырма «Тапсырыс берушіге» 5 (бес) жұмыс күн ішінде төленуге жататын борышты құрайды.
65. Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты оны кез келген уақытта бұза алады, онын ішінде: «Тапсырыс беруші» «Өнім берушіге» тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, қаржыландырудың болмауынан және/немесе қаржыландыруды қыскарту себептері бойынша. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, Шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні айтылады. Мұндай жағдайларда «Тапсырыс беруші» барлық орындалған жұмыстардың құнын, сатып алынған жабдықтар үшін, Объектіден машиналар мен тетіктердің шығарылуына шығыстарды және Объектіні консервациялау құнын төлейді.
66. Жоғарыда санамаланған жағдайлар негізінде шарт жойылған кезде, «Өнім беруші» шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.
67. Егер «Өнім берушінің» шарт талаптарын едәуір бұзуы себебінен шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен жабдық, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары «Тапсырыс берушінің» меншігі болып саналады және шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның билігінде болады.
68. «Өнім беруші» мынадай жағдайларда келісім шартты бұзуға құқылы:
- «Өнім берушіден» тәуелді емес себептермен, «Тапсырыс берушінің» айтуымен бір айдан көп мерзімге жұмыстарды орындауын тоқтату кезінде;
- «Тапсырыс беруші» жұмыстардың кейінгі қаржылындыру мүмкіншілігін тоқтатса.
69. Келісім шартты бұзатын тарап, басқа тарапқа бұл жөнінде 5 күн алдын ала жазбаша ескертеді.

70. Осы келісім шартта тікелей қаралмаған болса да, тараптар ҚР заңдылықтарының барлығын басшылыққа алады.
71. Жұмыстарды орындауға қатысты «Тапсырыс беруші» мен «Өнім берушінің» ресми сөз алмасуы тек жазбаша түрде ғана күшіне енеді.
72. Осы келісім шарттың қаржыландыру жағынан іс-әрекет мерзімі 2012 жылдың 31 желтоқсанына дейін.
73. «Өнім берушінің» орындаған жұмыстарының сапасының кепілді кезеңінің және Объектінің пайдалану кепілді кезеңінің аяқталуына дейін шарт өз әрекетін сақтайды.
74. Осы келісім шарт әр тарапқа бірдей заңдық күші бар 2 данадан, яғни әр тарапқа біреуден жасалған.
75. Осы шарт тараптар қол қойып мөрмен бекіткен күннен бастап жасалған болып саналады және «Тапсырыс беруші» оны казынашылық аумақтық басқармасында тіркегеннен кейін күшіне енеді.
76. Келісім бойынша міндеттемелер Сарыағаш ауданы Ақтөбе ауылдық округі және Жамбыл ауылдық округі Ашыкөл елді мекені аумағында орындалады.

Тараптардың мекен-жайы мен реквизиттері

«Тапсырыс беруші»

«Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.
ОҚО Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы
Исмайлов көшесі №37.
СТН 581200000978
Е/ш KZ39070103KSN5812000
БИК KKMFKZ2A
Сарыағаш аудандық казынашылық басқармасы

Аудан әкімі аппаратының жетекшісі

_____ Ж.Альсеитов

_____ А.Бейсенова

_____ С.Төребаев

М.О.

«Өнім беруші»

«СБМ и Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
ОҚО Сарыағаш қаласы, Театральная көшесі №12 үй.

СТН 581200210615
ЖСК KZ979650000061180235
БСК IRTYKZKA
БИН 020540005428
КБЕ 17
«Алянс Банк» АҚ Шымкент филиалы
«СБМ и Компания» ЖШС-нің директоры

_____ Б.М.Сыдыкова

М.О.

08 АВГ 2012
КШТТ 2 ТФРЛ

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2001 жылғы 15
қазандағы №1328
қаулысымен бекітілген
Нысан

Қабылдау комиссиясының актісі

Сарыағаш ауданы, Ақтөбе және
Жамбыл ауылдық округі

2012 жылғы «22» қараша

2012 жылғы « 19 » қарашадағы №46 шешіммен тағайындалған қабылдау комиссиясы «Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
(қабылдау комиссиясын тағайындаған тапсырыс беруші ұйымның атауы, тапсырыс берушінің тегі, аты, әкесінің аты)
құрамында:

Асқанбеков Серік Амалбекұлы	-	аудан әкімінің орынбасары, қабылдау комиссияның төрағасы;
Налибаев Жұмабек Қалаубекұлы	-	ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі бастығының міндетін уақытша қоса атқарушы, қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары;
комиссия мүшелері:		
Кучкарбаев Шүкір Құлжанұлы	-	«Сарыағаш ауданы су шаруашылығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры;
Меңдибаев Өзбек Құрбанұлы	-	жеке кәсіпкер;
Юсупов Ержан Сергеиұлы	-	жобаның бас инженері;
Шураев Малик Мурзаханұлы	-	техникалық қадағалаушы;
Жұмабеков Ахмет Абдраманұлы	-	«Нұр Отан» халықтық - демократиялық партиясының Сарыағаш аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары;
Көшкінбаев Мұхтархан Төребекұлы	-	Оңтүстік Қазақстан облысы жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасының бас маманы;
Абдиев Бақтияр Сапарұлы	-	Жамбыл ауылдық округінің әкімі;
Өтешов Ермекбай Махашұлы	-	Ақтөбе ауылдық округінің әкімі;
Мамбетов Бакир Махмутұлы	-	аудандық маслихаттың депутаты;
Қалдыбеков Еркін Елтүзерұлы	-	аудан әкімі аппараты әкімшілік бөлімшесінің жетекші маманы;
Сыдыкова Бекзада Малдыбековна	-	«СБМ и Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

АНЫҚТАДЫ:

1. Бас мердігер «СБМ и Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Апатты жағдайдағы су жүйелерін және дренаждарын механикалық тазалаудан өткізу» бойынша, Ақтөбе ауылдық окуругіндегі «Абылай-Айбат», «Қатаған», «Ескіқорған», «Оймауыт» каналдарын (құрылғыларын), «Жаңа дәуір», «Қызыләскер», «Қияжол», «Школа» су түсіргілерін, «Оймауыт» каналының апатты су түсіргісін және Жамбыл ауылдық округіндегі «Ащыкөл» каналын ағымдағы жөндеу жұмыстарын пайдалануға қабылдауға ұсынды.

2. Ағымдағы жөндеу жұмыстары 2012 жылғы «30» шілдедегі №23 «Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» келісім шарт және 2012 жылғы «16» қазандағы №31 «2012 жылғы 30 шілдедегі №23 Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартқа қосымша келісім негізінде жүргізілген.

3. Ақтөбе ауылдық окуругіндегі «Абылай-Айбат», «Қатаған», «Ескіқорған», «Оймауыт» каналдарын (құрылғыларын), «Жаңа дәуір», «Қызыләскер», «Қияжол», «Школа» су түсіргілерін, «Оймауыт» каналының

апатты су түсіргісін және Жамбыл ауылдық округіндегі «Ащыкөл» каналын ағымдағы жөндеу жұмыстарын орындаған бас мердігер «СБМ и Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асырды және орындаған қосалқы мердігер ұйымдар жок жүзеге асырады.

4. Құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамасын ЖК «У.К.Мендибаев», *ОҚО Шымкент қаласы №8 мөлтек аудан №1 үй №36 пәтер* әзірленген.

5. Ақтөбе ауылдық окуругіндегі «Абылай-Айбат», «Қатаған», «Ескіқорған», «Оймауыт» каналдарын (құрылғыларын), «Жаңа дәуір», «Қызыләскер», «Қияжол», «Школа» су түсіргілерін, «Оймауыт» каналының апатты су түсіргісін және Жамбыл ауылдық округіндегі «Ащыкөл» каналын ағымдағы жөндеу жұмыстары жобасы мен сметалық құжаттамасы ауданның ауыл шаруашылық бөлімі бастығының қолы қойылып, мөрімен бекітілге.

6. Құрылыс-монтаж жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылған:
жұмыстың басталуы _тамыз 2012 жыл_ ;
жұмыстың аяқталуы _караша 2012 жыл_ ;
ағымдағы жөндеу жұмыстарының ұзақтығы, ай: төрт ай.

7. Қабылдау комиссиясына мынадай құжаттамалар ұсынылды:
1) 2012 жылғы «30»_шілдедегі_№23 «Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» келісім шарт және 2012 жылғы «16» казандағы №31 «2012 жылғы 30 шілдедегі №23 Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартқа қосымша келісім;
2) «Абылай-Айбат» каналдарын ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) жұмыс жобасы мен сметалық құжаттама;
3) «Қатаған» каналын ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) жұмыс жобасы мен сметалық құжаттама;
4) «Ескі Қорған» каналын ағымдағы жөндеу жұмыс жобасы мен сметалық құжаттама;
5) «Оймауыт» каналын (құрылғыларын) ағымдағы жөндеу жұмыс жобасы мен сметалық құжаттама;
6) «Жаңа дауір» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) жұмыс жобасы мен сметалық құжаттама;
7) «Қызыл әскер» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) жұмыс жобасы мен сметалық құжаттама;
8) «Қияжол» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) жұмыс жобасы мен сметалық құжаттама;
9) «Школа» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) жұмыс жобасы мен сметалық құжаттама;
10) «Оймаут» каналының апатты су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) жұмыс жобасы мен сметалық құжаттама;
11) «Ащыкөл» каналын ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) жұмыс жобасы мен сметалық құжаттама;

8. Пайдалануға беруге ұсынылған объектінің мынадай қуаттылық, өнімділік, өндірістік алаң, ұзындық, сыйымдылық, көлем, өткізу мүмкіндігі, кіре мүмкіндігі, жұмыс орындары саны және с.с. негізгі көрсеткіштері бар (мақсатты өнімдерге немесе негізгі қызмет көрсету түрлеріне сәйкес барлық объекті (тұрғын үйлерден басқа) бойынша өлшем бірліктерімен толтырылады):

Қуаттылық, өнімділік және т.б.	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша		Нақты	
		жалпы (бұрын қабылданғандарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі	жалпы (бұрын қабылданғандарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі
1. «Абылай-Айбат» каналын ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) 5,467 км өткізу мүмкіндігі Абылай каналы - 0,5 м³/сек. Айбат каналы - 0,4 м³/сек.					

2. «Қатаған» каналы ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) 2,585 км өткізу мүмкіндігі- 0,5 м³/сек.					
3. «Ескі Қорған» каналы ағымдағы жөндеу 0,85 км өткізу мүмкіндігі - 0,4 м³/сек.					
4. «Оймауыт» каналы (құрылғыларын) ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) 27,7 км өткізу мүмкіндігі- 5,0 м³/сек.					
5. «Жаңа дәуір» каналы ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) 0,812 км өткізу мүмкіндігі- ағынсыз су.					
6. «Қызыләскер» каналы ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) 0,657 км өткізу мүмкіндігі- ағынсыз су.					
7. «Қияжол» каналы ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) 0,405 км өткізу мүмкіндігі- ағынсыз су					
8. «Школа» каналы су түсіргілерін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) 2,73 км өткізу мүмкіндігі- ағынсыз су					
9. «Оймауыт» каналының апатты су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) 271 м өткізу мүмкіндігі-					

6,0 м³/сек.					
10. «Ащыкөл» каналы ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) 1,318 км өткізу мүмкіндігі-0,5 м³/сек.					

9. Жабдық оны қабылдау туралы актіге сәйкес орнатылады:
1) «Абылай-Айбат» каналы бойынша;
– гидроқұрылымдар жоба бойынша 1 бірлік; нақты 1 бірлік.
2) «Қатаған» каналы бойынша:
– гидроқұрылымдар жоба бойынша 1 бірлік; нақты 1 бірлік
3) «Ескі Қорған» каналы бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары.
4) «Оймауыт» каналы (құрылғыларын) бойынша:
– гидроқұрылымдар жоба бойынша 7 бірлік; нақты 7 бірлік
5) «Жаңа дәуір» каналы бойынша ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) жұмыстары:
6) «Қызыләскер» каналы бойынша:
– гидроқұрылымдар жоба бойынша 2 бірлік; нақты 2 бірлік
7) «Қияжол» каналы бойынша ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) жұмыстары:
8) «Школа» су түсіргілерін каналы бойынша ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) жұмыстары:
9) «Оймауыт» каналының апатты су түсіргі бойынша:
– гидроқұрылымдар жоба бойынша 1 бірлік; нақты 1 бірлік
10) «Ащыкөл» каналы бойынша ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) жұмыстары.

10. Бекітілген жобалау-смета құжаттама бойынша сметалық құны:

1) «Абылай-Айбат» каналы бойынша барлығы 3 300 099 теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары: 2 513 737 теңге, жабдықтар, құралдар мен құрал-саймандар 218 837 теңге.

2) «Қатаған» каналы бойынша барлығы 2 028 752 теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары: 1 490 266 теңге, жабдықтар, құралдар мен құрал-саймандар 196 078 теңге.

3) «Ескі Қорған» каналы бойынша барлығы 15 000 733 теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары: 12 364 789 теңге.

4) «Оймауыт» каналы (құрылғыларын) бойынша барлығы 3 401 475 теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары: 2 019 205 теңге, жабдықтар, құралдар мен құрал-саймандар 793 068 теңге.

5) «Жаңа дәуір» каналы бойынша барлығы 800 377 теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары: 664 241 теңге.

6) «Қызыләскер» каналы бойынша барлығы 4 444 303 теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары: 2 644 450 теңге, жабдықтар, құралдар мен құрал-саймандар 1 058 299 теңге.

7) «Қияжол» каналы бойынша барлығы 834 575 теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары: 692 621 теңге.

8) «Школа» су түсіргілерін каналы бойынша барлығы 2 684 249 теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары: 2 210 683 теңге.

9) «Оймауыт» каналының апатты су түсіргісін каналы бойынша барлығы 2 552 565 теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары: 1 406 047 теңге, жабдықтар, құралдар мен құрал-саймандар 722 164 теңге.

10) Жамбыл ауылдық округіндегі «Ащыкөл» каналы бойынша барлығы 3 064 270 теңге, соның ішінде:құрылыс-монтаж жұмыстары: 2 511 154 теңге.

«Абылай-Айбат» каналдарын ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау), «Қатаған» каналын ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау), «Ескі Қорған» каналын ағымдағы жөндеу, «Оймауыт» каналын (құрылғыларын) ағымдағы жөндеу, «Жаңа дауір» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау), «Қызыл әскер» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау), «Қияжол» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау), «Школа» су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау), «Оймаут» каналының апатты су түсіргісін ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) және «Ащыкөл» каналын ағымдағы жөндеу (механикалық тазалау) жұмыстарының шарт бойынша бағасы 38 111 398 теңге.

Қабылдау комиссиясының шешімі:

Қабылдануға ұсынылған «Апатты жағдайдағы су жүйелерін және дренаждарын механикалық тазалаудан өткізу» бойынша Ақтөбе ауылдық округіндегі «Абылай-Айбат», «Қатаған», «Ескіқорған», «Оймауыт» каналдарын (құрылғыларын), «Жаңа дәуір», «Қызыләскер», «Қияжол», «Школа» су түсіргілерін, «Оймауыт» каналының апатты су түсіргісін және Жамбыл ауылдық округіндегі «Ащыкөл» каналын ағымдағы жөндеу жұмыстары

ПАЙДАЛАНУҒА ҚАБЫЛДАНСЫН.

Асканбеков С.А.

Налибаев Ж.К.

Кучкарбаев Ш.Қ.

Мендибаев Ө.Қ.

Юсупов Е.С.

Шураев М.М

Жұмабеков А.А.

Көшкінбаев М.Т.

Өтешов Е.М.

Абдиев Б.С.

Мамбетов Б.М.

Қалдыбеков Е.Е.

Сыдыкова Б.М.

Заказчик: ГУ «Аппарат Акима Сарыагашского района» **Форма 3**
Подрядчик: ТОО «СБМ и Компания»
Договор: №23 от 30.06.2012г.

СПРАВКА
о стоимости выполненных работ за сентябрь месяц 2012г.
По объекту «Текущий ремонт сбросного канала «Школа» в ауле Ынтымак с/о Актобе Сарыагашского района ЮКО»

№ п/п	Наименование объектов, комплексов и работ	Стоимость выполненных работ			
		С начало по отчетный месяц		В том числе отчетный месяц	
		без НДС	с НДС	без НДС	с НДС
1	Текущий ремонт сбросного канала «Школа»	2 285 966	2 560 282	2 285 966	2 560 282
2	Услуга инженера	14 675	16 436	14 675	16 436
3	Оплата за ПИР	91 438	102 411	91 438	102 411
4	Затраты на авторский надзор	4 572	5 120	4 572	5 120
	Итого:	2 396 651	2 684 249	2 396 651	2 684 249

Заказчик:
ГУ «Аппарат Акима Сарыағашского района ЮКО»
_____Алсейтов Ж.С.

Гл.бухгалтер
---------- А.Бейсенова

Инженер:
Директор ТОО «Феникс-ДорСтрой»
_____Нариков М.Д.

ГУ «Отдел сельского хозяйства» Сарыагашского района ЮКО»
И.о. директора_____Налибаев Ж.

Подрядчик:
Директор ТОО «СБМ и Компания»
_____Сыдыкова Б.М.

ГКП «Сарыағаш аудандық су шаруашылығы»
директоры _____Кучкарбаев Ш.

Заказчик: ГУ «Аппарат Акима Сарыагашского района» **форма 2**
Подрядчик: ТОО «СБМ и Компания»
Инженер: ТОО «Феникс-ДорСтрой»
Наименование и адрес работ: «Текущий ремонт сбросного канала «Школа» в ауле Ынтымак с/о Актобе Сарыагашского района ЮКО»
Договор: №23 от 30.07.2012г.

Акт выполненных работ
за сентябрь месяц 2012г.
по объектам: «Текущий ремонт (механизированная очистка) сбросного канала «Школа»
в ауле Ынтымак с/о Актобе Сарыагашского района ЮКО»

№	Шифер и номер позиций норматива	Наименование работ и затрат	Ед.изм	К.во	Ст-ть единиц		Общая ст-ть		Накладные расходы	Затраты труда 1/час Работы	
					Всего	ЭКСПЛ машина	Всего	В т.ч. машинист		Затраты труда машиниста	
					ЗП рабочих	В т.ч. ЗП машиниста	ЗП рабочих		%	На единиц	Всего
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Е1-25-1	-Срезка грунта 1 группы бульдозерами	$м^3$	2184	9,85 -	9,85 2,69	21512 -	21512 5875	5699 97	- 0,0088	- 19
2.	Е1-73-17	-Очистка каналов от наносов в пределов первоначального проектного профиля экскаваторами	$м^3$	13011,2	52,04 1,84	50,2 14,53	677103 23941	653162 189053	206604 97	0,0128 0,05568	167 724
3.	Е1-28-2	-Разравнивание грунта 2 группы бульдозерами	$м^3$	3903	6,83 -	6,83 1,87	26657 -	26657 7299	7080 97	- 0,0061	- 24
4.	Е1-164-2	-Очистка вручную водопроводящих сооружений	$м^3$	1	251,77 251,77	-	252 252	-	258 113	1,771 -	2 -
		Итого прямых затрат по смете:	тенге				725524				
		Накладные расходы:	тенге				219668				
		Ненормируемые и	тенге	6%			56712				

		непредвиденные затраты									
		Итого :	тенге				1001904				
		Врем. Зд. и сооружение	тенге	4%			40076				
		Итого:	тенге				1041980				
		Затраты на производстве СМР в зимнее время	тенге	1,61%			16776				
		Затраты на выслуги лет	тенге	1%			10420				
		Затраты на доп.отпуск	тенге	0,4%			4168				
		Итого:	тенге				1073344				
		Итого в тек. ценах 2012г. К=2,088	тенге				2241143				
		Налоги, сборы, платежи	тенге	2%			44823				
		Итого:	тенге				2285966				
		НДС 12%	тенге				274316				
		Итого:	тенге				2560282				
		-Услуга инженера с НДС	тенге				16436				
		-Оплата за ПИР с НДС	тенге				102411				
		-Оплата за авторск. Надзора с НДС	тенге				5120				
		Итого к оплате:					2684249				

Заказчик:
ГУ «Аппарат Акима
Сарыагашского района ЮКО»
_____ Алсеитов Ж.С.

Гл.бухгалтер
---------- А.Бейсенова

Инженер:
Директор ТОО «Феникс-ДорСтрой»
_____ Нариков М.Д.

Подрядчик:
Директор ТОО «СБМ и Компания»
_____ Сыдыкова Б.М.

ГУ «Отдел сельского хозяйства»
Сарыагашского района ЮКО»
И.о. директора_____ Налибаев Ж.

ГКП «Сарыағаш аудандық су шаруашылығы»
директоры _____ Кучкарбаев Ш.